



**Тақырыбы: Қызым-қызғалдағым,
ұлым-ізгі арманым.**





Мақсаты: Оқушыларды қазақ қызы мен ер баланың бойына тән өнерлік тәлімдік қасиеттермен таныстыру, мұны ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстыра білу. Ұл бала мен қыз баланы бір-бірін шынайы құрметтеп, қастерлей білуге баулу, өзара сыйласымдылықты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру; Оқушылардың бойында әдептілік қасиеттерді дамыту; Талғаммен киінуге, әсемдікке, сұлулыққа құштарлығын арттыру, яғни эстетикаға тәрбиелеу.



Бойжеткен - кәмелетке толған, бой түзеген, есейген қыз. Халық түсінігінде бойжеткен бейнесі жастық пен әдеміліктің, сұлулық пен әдептіліктің символы болып қалыптасқан. Дәстүрлі ортада он үш жасқа толған қыз бойжеткен саналады, оның шекелік, сырға, алқа, өңірше сияқты әшекейлер тағынып, сәнді киінуіне, жалаңбас жүруден гөрі тақия немесе бөрік киіп жүруіне назар аудара бастайды. Осы аталған ерекшеліктер қыздың жыныстық тұрғыдан жетіле бастағанын білдіріп, балалық шақтан бойжету кезеңіне өтудегі жас ерекшелігін, әлеуметтік деңгейін айғақтайтын белгі ретінде қызмет етеді. Атастырылып немесе қалыңдық болған кезінде білезік, жүзік, сақина, шашқа шолпы сынды әшекейлер косылады. Мұндай әшекейлер отбасын құрған алғашқы жылдарда ғана тағылып, кейін сіңлілері мен қайын сіңлілеріне сыйға тартылады немесе өз қызына деп сақталады.

Нағыз жігіт – қорған болар халқына,

Нағыз жігіт - берік болар антына.

Нағыз жігіт – жалғастырып дәстүрді,

Адал болар ата-баба салтына Иә, бүгін мектеп партасында отырған ұл бала- ертеңгі

жігіт, ер азамат. Ал, азаматтың жүгі ауыр. Себебі, «Мен қазақпын» дейтін

азамат өзінің шықан

тегін, кіндік кесіп, кір жуған ата жұртын қастерлеп, жеті атасын жадында тұтуы шар


«Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елді біледі» -деп ағамыз қазақ тегін айтпаған.






**«Ел боламын десен,
бесігінді түзе»**

М. Әуезов.



«Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» (мақал). Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым. Бұл балалар мен жастарды жаман әдеттерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеуден шыққан педагогикалық ұғым. Осы арқылы олар әркімді теріс мінез, орынсыз қимылдардан сақтандырып отырған. Халық ұғымында тізені құшақтау – жалғыз қалудың, үлкеннің жолын кесу - әдепсіздіктің, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп таныған және ондай істерге қатаң тыйым салған. Ел ішінде тыйым түрлеріне байланысты сөздер көптеп саналады.



Отбасы тәлім – тәрбиесіне ел тағдыры, халық болашағы байланысты. Халқымызда «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе, қара күннен тыю» деген мақал бар. Осыдан қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отырғанын білсек керек. Бүгінде Абай, Шоқан сынды даналарды өмірге әкелген отбасы институтын сақтап қала алмай отырғандаймыз. Шындығына келгенде бала тәрбиесі – жаумен арпалысып, елді қорғаумен тең жұмыс. Бала туылғаннан бастап, жеген тамағы, білгені таза болуын қадағалаудың өзі – қиынның қиыны. Ұлжан анамыз Абайды дәретсіз емізбеген. Ұлжан анамыз ғана емес, дәстүр бойынша кез – келген қазақ былай тәрбие берген.

Көсем жігіт- ел басқаратын жігіт.

Шешен жігіт – дау шешетін тұлға.

Батыр жігіт – еліне қамқор жауына алаберген жігіт.

Өнерлі жігіт – мың құбылтып ән салып, күмбірлеген күй тартатын.

Сері жігіт – аттың жүйрігін мінеді.


Ер қаруы – бес қаруды сайлады.





Қазақ ұғымында бойжеткен уыздай тәтті еркелігімен, назды қылығымен ерекшеленіп, өз абыройын, намысын берік қорғайтын, инабатты, биязы ару болу керек.

Қыз баланың бойжетуін үлкен бақыт санап, оның ерікті болуын қалаған. Елі, рулы қауымы жат жұрттық саналатын қызды оң жаққа төрге отырғызып еркелеткен, «Қызға қырық үйден тыю» жасап, намысын қорғап, арынын аякасты болмауын қадағалаған. Жеңгелері бойжеткенге «еркежан», «сырғалым», «күлімкөзім», «акмандайлым» деп ат қойып, қашан «жат жұрттық» болғанша аялап өсіруді міндетіне алған. Бойжеткенге қойылатын қатаң талап ізетті болу, әсем киінумен ғана шектелмей, адам болмысын айқындайтын әкені күту, шешені сыйлау, ұлттық салт-дәстүрлерді түгел менгеріп, өнерпаз әрі іскер болу т.б. талаптары жүктелген. Оған салт жырларын үйретіп, халықтық тәлімдік ұғымдардан мол түсінік алуын қамтамасыз еткен. Бойжеткен - отбасының ұйытқысы болатын болашақ асыл жар, ұрпақ тәрбиелейтін ертеңгі ана.




Ата – ананың қызынан ғапыл алма, — деп жігіттерге кеңес береді. Арын сақтаған, ақылды, ұяты бар, ата – анасының тәлімін алған қыз баладан болашақта жақсы жар, ибалы келін, аяулы ана күтуге болады. Сол үшін қазіргі кез – келген ата – ана өзінің ұл – қызының тәлім- тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауы керек. Тәрбие деген тек оларды тамақтандырып, киіндіру емес, ол – рухани ақыл – сезімі жоғары, ар — ұяты биік, иманды ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан «қызым сән қуалап жүр еді» деп «шоқ басып» қалмауынан

сақталуына керек

■ Қызға 40 үйден тыйым:

- 1. Жарыса сөйлеуге
- 2. Жалғыз қыдыруға
- 3. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлеуге
- 4. Орынсыз ұрынуға
- 5. Басқаларға қол тигізуге
- 6. Өтірік, өсекке
- 7. Суық жүріс, сумаң қылыққа
- 8. Кісіге қарай керіліп есінеуге
- 9. Талтайып отыруға
- 10. Шалқайып жатуға
- 11. Тамақты обырлана асауға
- 12. Ұрлық-қарлыққа
- 13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге
- 14. Бұрандап қылымсуға
- 15. Қызыл інірде жатуға
- 16. Түске дейін ұйықтауға
- 17. Кісі алдында киім ауыстыруға

- **18.Салт-дәстүрден аттауға**
- **19.Елді ғайбаттауға**
- **20.Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға**
- **21.Ішімдік пен шегімдікке**
- **22.Ұрыс-керіске**
- **23.Беттен алып, бет жыртысуға**
- **24.Қараулыққа, ысырапқа**
- **25.Рахымсыздық пен қатыгездікке**
- **26.Түнде суға жалғыз баруға**
- **27.Жат жыныстылармен араласып жатуға**
- **28.Күйеуге қашып тиюге**
- **29.Әдепсіз сөзге**
- **30.Тарс-тұрс етуге**
- **31.Адам мен жануарларды тебуге**
- **32.Кісіні қорлап жәбірлеуге**
- **33.Тәкәппарлық пен сыйқымазақ жасауға**
- **34.Айғай сүреңге**
- **35.Шектен тыс сыланып жасануға**

- 
- 36. Қызғаншақтық пен күншілдікке
 - 37. Менмендік пен өзімшілдікке
 - 38. Алдап-арбауға
 - 39. Көрсекызарлыққа
 - 40. Нәпсі кұмарлыққа **ТҮЙҮМ**



Ал адамдар арасына шыға қалсаң, елдің көркі болар қыздарымыз елдің ұятына айналып кеткендей. Жаз шыға табиғат жасыл жамылғысын жамыла бастаса, біздің аруларымыз үстеріндегі «артық киімдерін» тастай бастайды. «Сән» атты ақыл айтқыш апаның айтқанына ілескен оларға қарап, ұят, әдемілік, биязылық, имандылық сезімдері қайда кеткен деп таң қаласың. Ал кіндікті ашып жүру – дәл қазір қыздардың дағдылы әдетіне айналып барады. Көше жарнамаларындағы қыздар да тек іш киіммен суретке түсуді қалыпты жағдайға айналдырыпты. Оларға «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» жоқ болғаны ма? Тіпті балаңды ертіп дүкен араласаң, жалаңаш әйелдердің суреттерін көріп әйелдерді көріп өскен балада әйел затына деген құрмет қайдан болсын?, «ұят – ай – ды қара» дегенде, «балаларымызға қандай тәрбие беріп жатырмыз?» деген ойға қаласың. Жастайынан ашық – шашық .



Қорыта айтқанда, ұлттық тәрбиені
жандандыру арқылы ғана қоғамды
жезөкшеліктен тазарта аламыз. Салт-
дәстүрді, әдеп-ғұрыпты бүгіннен жастардың
кұлағына кұйып отырмасак, ертең бәлкім
бармағымызды тістеп қалармыз. Сондықтан
ұлттың болашағы қыздарды қырық үйден
тыйып тәрбиелесек ұрпағымыз таза, арлы,
ұятты болып өсері анық